

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  Б.А.Абдуллина

«31» тамыз 2022 жыл



№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының бағыттары бойынша
класс сағаттарының жылдық
ЖОСПАРЫ

Педагог: Байзакова Жазира Нурлановна

Класы: 9 «А»

Кластың тәрбиелік мақсаты:

- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген, көшбасшылық қасиеттері бар, әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі анықтауға қабілетті білімді тұлға қалыптастыру;
- Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу;
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастарды патриотизмге тәрбиелеу, сана-сезімін жаңғыртуға аса мән беру;
- Мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанымызды әрқашан қорғауға дайын болуға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақстандағы әр бала тұлғасының мотивациялы-құндылықты аясын дамыту;
- тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілін және қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;
- көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу;
- отбасының тәрбиелік әлеуетін күшейту;
- оқушыларда табысты әлеуметтенуі үшін құзыреттіліктерді, толассыз өздігімен білім алу мен өзін-өзі дамытуды, олардың саналы түрде жан-жақты өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі дамытудың жоғары формасы – өзін-өзі тәрбиелеуге қатысуды қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежелері биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккер, іскер, салауатты өмір салтын насихаттай алатын, өз болашағынына сеніммен қарай алатын, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан тұлға болып өседі.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

I. Тәрбиені нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.		
№		
1	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;	
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы;	
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;	
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;	
5	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;	
6	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;	
7	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;	
8	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;	
9	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;	
10	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.	
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету		
№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі
1	Деректерді компьютерлік базаға енгізу, ақпаратты электронды және қағаз түрінде сақтау	Жыл бойы
2	Класс оқушылары үшін мәліметтер базасын құру	Тамыз
3	Ата-аналар туралы мәліметтерді жаңарту	Қыркүйек
4	Сабақ кестесі	Оқу жылының басында
5	Оқу-тәрбие жұмысы бойынша мәліметтерді ұсыну (ағымдағы бағалар, конкурстарға қатысу, жетістіктер)	Жыл бойы
6	Класс оқушыларының үлгерімі мен оқуы мониторингінің нәтижелері	Тоқсан сайын
7	Өткізілген іс-шаралар бойынша ақпарат беру	Тоқсан сайын
8	Өмір мен денсаулықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтар	Жыл бойы
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар		
№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі
1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие		
Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.		

1	Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық	01.09
2	25 қазан: Республика күніне орай "Қазақ елі менің-Отаным"	21.10
3	«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау»	03.02
4	«Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында»	17.02
5	«Тәуелсіздік-тірегім»	16.12
6	«Ұлы Жеңіске- тағзым»	05.05
7	«Сыбайлас жемқорлық және қоғам»	28.05
2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие		
Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.		
8	«Қайырымды бол жақынға»	23.09
9	«Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші»	11.11
10	«Қарусыз елдің – көшбасшысы»	02.12
11	«Әлімжеттік жат қылық»	14.10
12	«Алғыс – бұл ...»	24.02
3. Бағыты: ұлттық тәрбие		
Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.		
13	«Қазақстан – әр ұлттың ақ бесігі»	13.01
14	Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»	27.01
15	«Ұлыс күні- Наурызым!»	17.03
4. Бағыты: Отбасылық тәрбие		
Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.		
16	«Отбасы –ұлт айнасы»	09.09
17	«Қартым –асыл қазынам»	30.09
18	«Аяулым,анашым»	03.03
19	Әке-асқар тау	31.03
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялықтәрбие		
Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.		
20	Табиғат пен адам өмірінің байланысы.	02.09
21	Қоршаған ортаның ластануының адам денсаулығына әсері.	07.10

22	Зиянды заттар және олардың адамға әсері	18.11
23	Қоғамның қазіргі экономикалық қызметінің биосфераға әсері.	09.12
24	Экологиялық қолайсыз аудандар мен объектілерді зерттеу, олардың сипаттамасы, оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу.	20.01
25	Қала (ауыл) экологиясы. Техносфера.	10.02
26	Қоғамдық экологиялық қозғалыс.	10.03
27	«Өндіріс қалдықтары» ұғымы ескірген және экологиялық тұрғыдан 21 ғасыр үшін жарамсыз.	07.04
28	Табиғатты қорғау әркімнің ісі	12.05
6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу		
Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.		
29	А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай, «Қазақтың дара тұлғасы»	16.09
30	«Адам –ғажап құбылыс, жеке, дара»	14.04
7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие		
Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.		
31	«Жаңа жыл – жаңа Нұр», Қош келдің-2023	30.12
32	Өңгіме сағаты: «Татулық-достықтың киелі бесігі»	28.04
33	«Жаңа Қазақстан-жаңа мүмкіндік пен жетістік»	21.04
34	«Еңбек - өмір мәні»	19.05
8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты		
Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.		
35	Жарыс «Дені саудың- жаны сау!»	25.11
36	«Денсаулығым -қорғаным»	23.12
37	Марафон: «Адамның байлығы-денінің саулығы»	26.05